



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ****Мизанова Айнур Берикқызы***ainur.mizanova@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Ғ.Е. Керімбек

Мемлекетте белгіленген салықтың бар болуы, осы салықтың көмегімен жинақталған қаражат сомасы, елдің барлық мәселесі мен мұң-мұқтажын шешпейді. Осыған орай, ақшаның болуы үшін салықты жинау керек, сондықтан салық төлеушілердің өздерінің дербес төлеуін немесе мәжбүрлі төлеуін қамтамасыз ету қажет.

XV-XVIII ғасырлар. Қазақ хандығы кезінде қазақ халқы, негізінен, алдымызда атап өткен салық түрлерінің бәрін пайдаланған. Бұл істі ауылбасы атқарған, яғни ауылдастардың шаруашылығын басқару, маусымдық көші-қон уақытын белгілеу, дау-жанжалдарды әділ шешіп отыру, ауылға түскен салықты мерзімінде төлеуін қадағалау. Қазақтың ханы елді билеумен қатар, әскерлердің жоғарғы басшысы болды. Халықтан әр түрлі салықтар жинатып алып отырды (сыйлық, соғым, байғазы, жылу, айып, құн төлету, барымта т.б.). Халықтың қарапайым көпшілік бөлігі мал өсірушілер мен егін егетін шаруалар еді. Шаруалар жұмыс істеу және салық төлеумен қатар көптеген міндеткерлікті атқарды. Кедейлер байшонжарлардың малын бақты, үй қызметшісі жұмысын атқарды.

XV ғасырда жаңа мемлекеттік құрылым – Қазақ хандығы құрылды. Хандықтың территориясы мен халқы ханның туыстары-сұлтандары басқаратын удельге бөлінді. Әрбір болыс 10 мың жанұядан тұратын ұлыстарға бөлінді. Әрбір ұлыс өзіндік территория мен дербес әскери қолды (әскерді) иеленді. Аппарат пен әскери қолды ұстау үшін хандар өздеріне бағынышты халықтан экономикалық және саяси жағдайға байланысты салықты белгіледі.

Келесідей міндетті төлемдер қолданылды:

- бадж (баж) – әрбір отбасыдан алынатын салық, кейде түтін салығы депте аталды;
- харадж – отырықшы халықтан жер салығы;
- ұшыр – көшпенді халықтың мал басынан 5% мөлшеріндегі салық;
- зекет – малдың қырықтан бір мөлшерінде алынатын шаруашылыққа салық;
- соғым – қыс мезгілінде хан жанұясына ет беруді білдіретін табиғи нысандағы салық;
- ханлық – шағым сомасынан 10%-ды құрайтын соттық баж [1].

XVIII-XIX ғасырлар. Қазақ билеушілері мен Ресей арасындағы келісімшарт нәтижесінде Ресейдің үшінші ел алдында Қазақстанның мүддесін қорғауға міндеттенген міндеттемесіне айырбас ретінде өзінің егемендігінің біразынан айырылды.

II Екатерина басқарған кезеңде қаржылық басқару жүйесі одан әрі жетілдірілді және 1780 жылы арнайы мемлекеттік органдар құрылды:

- мемлекеттік табыстар экспедициясы;
- ревизия экспедициясы;
- берешектерді өндіріп алу экспедициясы.

Бұл қызметкерлердің құзырлығы Қазақ мемлекетіне де таратылды.

Осы кезеңдегі салық жүйесінің негізгі белгісі – тікелей салықтармен салыстырғанда жанама салықтарда үлкен мәнді иеленді.

XVIII ғасырдың ортасында Арал өңірінің қазақтары орыс әкімшіліктеріне тәуелсіз өз хандарын таңдады. Арғынғазы хан қарауындағы жерлерден салық алуды тәртіпке келтірді. Жасауылдар мен қазыларды ұстауға арналған арнайы салық жинақталды. Мемлекет алдындағы айрықша сіңірген еңбегі үшін салықтан босатуды ұсынатын – тархандық институты кеңінен таратылды. Бұндай саясаттың мақсаты – қазақтарды біріктіру, билікті орталықтандыру.

1801 жылы Бөкей хандығы құрылды. Басқаруға жалпы қадағалауды Ресей

империясының Сыртқы істер министрлігі жүргізді. Жергілікті басқару хандар мен оның әкімшілігіне жүктелді. Тауар-ақша қатынастарының дамуы хандардың жәрмеңкелер мен ірі сауда бекеттеріне жіберілген базар сұлтандары институтының туындауына әкелді. Базар сұлтандары хандықтың және оданда тыс жерлерде малын сатқан қазақтардан баж алымын жинады. Жаңадан салықтар енгізілді. Тіркелген мөлшерлемелерді белгілеуге айрықша көңіл бөлінді.

*Қой мен ешкінің зекет нысабы:*

- 40-тан – 120-ға дейін бір қой не ешкі;
- 121-ден – 200-ге дейін екі қой не ешкі;
- 201-ден – 399-ға дейін үш қой не ешкі.

Осы сияқты әр жүзге бір қойдан қосылып отырады.

*Сиырдың зекет нысабы:*

- 30-дан – 39-ға дейін бір жас еркек не ұрғашы тайынша;
- 40-тан – 59-ға дейін екі жасар бір құнан өгіз не құнажын;
- 60-тан – 69-ға дейін бір жастағы екі еркек не ұрғашы тана;
- 70-тен – 79-ға дейін тайынша не бір құнан өгіз не құнажын;
- 80-нен – 89-ға дейін екі құнажын сиыр.

*Түйенің зекет нысабы:*

- 5-тен – 9-ға дейін бір қой не ешкі;
- 10-нан – 14-ке дейін екі қой не ешкі;
- 20-дан – 24-ке дейін төрт қой не ешкі;
- 25-тен – 35-ке дейін бір ұрғашы тойлақ.

1822 жыл және XX ғасырдың басы. XIX ғасырдың басында хан билігінің әлсіреуі қазақ елінің жеріне басқарудың ресейлік жүйесін ендіруге бағытталған бірқатар әкімшілік-құқықтық реформалар жүргізу үшін жағдай жасады. 1822 жылы Батыс Сібір губернаторы М. М. Сперанский «Сібір қырғыздары туралы жарғыны» өңдеді. 1824 жылы Орынбор генерал-губернаторы П. К. Эссеннің жазған «Орынбор қырғыздары туралы жарғысы» бекітілді. «Жарғыға» сәйкес Қазақ халқы жылына мал басының 1% мөлшерінде жасақ салығын төлеуге тиіс болды[2].

1837жылы Орынбор ведомствасында жыл сайын киіз үй басына жылына 1 рубль 50 копеек күміс алынған. 1867 жылы хан ұрпағы осы салықтардан босатылған.

Ақша табу мақсатында, мынадай төлемдер енгізілген:

- паспорттық алым – ауылдан келген қазақтарға 1 рубль 50 копеек;
- қарашығын – көпірлерді, жолдарды, мешіттер мен мектептердің құрылысына және ауруханаларды ұстауға арналған алым;
- харадж – жиын-теріннің 10% мөлшерінде отырықшы халық төлеген.

Қоқан хандығы кезінде салық жүйесі өте күрделі және өте жоғары ауыртпалықты иеленді.

*Негізгі салықтары:*

- харадж – астықтан 10% мөлшерінде;
- зекет – салық салынатын заттан қырықтан бір бөлігі мөлшеріндегі мемлекеттік мүлік салығы, зекет – малды сатудан алынатын жанама салық, зекет-чекен – салық жинаушыларды ұстауға алынған;
- жылу – шаруашылықтан үш қой мен бір жылқы мөлшеріндегі соғыс жағдайында жиналатын төтенше салық;
- танаба – бау мен бақшадан әрбір аудан бірлігіне отырықшы халық төлейтін жер салығы;
- басқа да салықтар – отын, қамыс жинау, мал бағу, балық аулау құқына салық пен жеміс ағаштарына салықтар енгізілген.

Хиуа хандығында салық салу орталықтандырылмаған болды. XIX ғасырдың алғашқы жиырма бес жылында барлық жер иеленушілерді- милкадарды үш категорияға бөлген салық реформасы жүргізілді. 10 танаба (4 га) жер учаскесінің иесі – 3 тилли алтын (10 рубль), 5-10

танаба жер үшін – 2 тилли, 5 танабадан аз болса – 1 тилли жылына төлеген. Жері жоқ шаруалар – жалға алушылар өңдейтін жерінің ауданына байланысты салық төлеген. Хиуа халқы, сонымен қатар харадж, зекет салықтарын, қосымша: тарчуб, қазу, қашу, бегар деген салық түрлерін төлеген.

Үшір – еңбекке жарамды адамдар табысынан алынатын салық.

Пітір садақа– 1460ж. пақырларға бидай немесе 2920гр. арпа, не осылардың бағаларымен сәйкес пітір садақа беру міндет. Бай және мұсылман емес адамдарға пітір садақа берілмейді.

Құрбан шалу – Құрбанайтының үш күн ішінде қан шығарып, Құдайы жолына құрбан шалынған.

Құрбанға қой, ешкі, сиыр, түйелер ғана жарайды. Бір бөлікті пақырға, бір бөлігін ағайын-туысқа, ал қалғанын өзінің отбасына берсе сауапты болады. Терісін сатпайды, кедейлерге береді.

Осыған сәйкес қазақ халқында тағы да басқа алым-салықтар, міндетті төлемдер алынып отырды [3].

Төле би, Қазыбек би мен Әйтеке бидің қатысуымен Тәуке хан «Жеті жарғы» деп аталатын заң жинағын жарыққа шығарды. Жеті жарғыға әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтардың құқық нормалары, салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізген:

- «Сұлтандардан басқа қару асына алатын әрбір адам ханға және халық билеушілеріне жыл сайын өзінің мал мүлкінің 1/20 бөлігін мөлшерде салық төлеп отыратын болсын... ».

Салықтарды тарихи тұрғыда зерттеген кезде, олардың мемлекетпен бірге қатар пайда болғанын көрсетеді. Бір дәуірде дүниеге келген мемлекет пен салықтардың қатар қалыптасуы және одан әрі бірге дамуы мемлекеттің және салықтардың ажырамас сипатын айқындайды. Сондықтан сол кезеңнен бастап бүгінгі мерзімге дейінгі салық салу жүйесінің дамуын шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болады:

- алғашқы кезең – салық салу жүйесінің қалыптасуы мен дамуының алғашқы кезеңі, ежелгі дүние мен орта ғасырлар мерзіміне сәйкес келеді және бұл уақыт аралығында салық салу негізінен берекесіздігімен және кездейсоқтық болуымен сипатталады. Нақтырақ айтқанда, салық салу нақты ұйымдастырылмаған және салық салу тәртібі реттелмеген. Бірақ, басқа мемлекеттерге қарағанда белгілі бір тәртіппен ретке келтірілген және жүйеленген салықтық жүйесі бар мемлекеттер де болған. Атап айтқанда, Рим империясының салық салу жүйесі сол кезеңдегі басқа мемлекеттердің салықтық жүйелерімен салыстырғанда аса өркениетті дамыды. Алайда, бүтіндей алғанда, салық салудың осы кезеңіндегі салықтар жүйелендірілмеген және негізінен натуралды нысанда төленген еді;

- екінші кезең – он жетінші ғасырдың орта тұсынан он сегізінші ғасырдың аяғына дейінгі уақыт аралығын қамтыды. Осы уақыт аралығында салықтар мен басқа да міндетті төлемдер, көптеген елдердің мемлекеттік қазыналарының негізгі табыс көздеріне айналды. Салық салу тәртібі жүйелендіріліп, тікелей салықтар мен жанама салықтар пайда бола бастады. Мемлекеттің қаржы-қаражаттарының негізгі табыс көзі ретінде – салықтарды ғылыми тұрғыда түсіндірудің және негіздеудің қажеттігі туындайды;

- үшінші кезең – салықтардың негізгі өзекті мәселелері туралы сан алуан түрлі ғылыми ой-тұжырымдармен және теориялар пайда болды. Салық салу теориясының негізін қалаушы шотланд экономисі Адам Смит салық салудың қазіргі уақыттың өзінде кеңінен қолданылып жүрген әділеттілік, анықтылық, қолайлылық және жалпылық тәрізді негізгі принциптердің авторы болып табылады. Бұл кезеңде көптеген мемлекеттерде белгілі экономист-ғалымдардың ой-тұжырымдарының және теорияларының дамуы нәтижесінде қалыптасқан ғылыми тұрғыдағы бастамалардың негізінде салықтық реформалар жүзеге асырылды;

- төртінші кезең – қазіргі замандағы салық салу салықтарды нақты бір теориялық негіздеумен сипатталады. Бұрыннан даулы болып келе жатқан кейнсиандық, неоклассикалық, некейнсиандық теориялар таныла бастады. Салықтарды түсіндіруді, олардың мәнін ашпақ болған және салықтық жүйенің мазмұны мен сипатын айқындамақ

болған, әр түрлі мектептерге жататын теориялардың оң және теріс жақтары анықталып, осы теориялармен негізделген ережелерді біріктіру немесе сәйкестендіру жолымен салықтық жүйенің жаңа үлгісін іздену қадамдары жасалды. Сондықтан салықтар мемлекет табысының негізгі көзі болып қана қоймай, экономиканы мемлекеттік реттеудің құралына айналды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Үмбетәлиев А.Д. «Салық салудың теориясы: даму тарихы және қалыптасу кезеңдері». Монография. Алматы: Экономика, 2017.- 476б.
2. Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. «Салық және салық салу». Оқулық. Алматы: Экономика. 2006ж.
3. Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. «Салық және салық салу». Т. 1: оқулық / - Өнд., толықт. 3-ші бас.- Алматы: Экономика, 2013.- 582 б.

УДК 336.051

### **ОБЪЕКТЫ И ВИДЫ ФИНАНСОВОГО АНАЛИЗА В КОММЕРЧЕСКИХ БАНКАХ**

**Минина Алёна Игоревна**

[dilaraif@mail.ru](mailto:dilaraif@mail.ru)

Магистрант Института экономики, финансов и бизнеса БашГУ, г. Уфа, Российская Федерация, Республика Башкортостан  
Научный руководитель – Касимова Д.Ф.

Анализ – это метод научного исследования (познания) явлений и процессов, в основе которого лежит изучение составных частей, элементов изучаемой системы[1].

Раскроем понятие «финансовый анализ» в интерпретации разных ученых.

В.В. Буряковский приводит определение финансового анализа в его традиционном понимании, подчеркивая, что в анализе может использоваться дополнительная информация оперативного характера, однако носить она будет лишь вспомогательный характер.

А.Д.Шеремет, Е.В.Ненашев, рассуждая, что финансовый анализ проводится по данным финансовой (бухгалтерской) отчетности и регистров бухгалтерского учета, на основе которых готовится отчетность, отмечают, что финансовый анализ, использующий в качестве информационного источника только финансовую отчетность, является внешним финансовым анализом, т.е. применяемым внешними пользователями информации о деятельности предприятия.

Алексеева А. И., Васильев Ю. В., Малеева А. В., Ушвицкий Л. И. отмечают, что финансовый анализ деятельности организаций является существенной составляющей комплексного анализа. Он включает разделы, относящиеся в основном к виду аналитических работ, которые, во-первых, имеют ретроспективный характер и, во-вторых, не предназначены для внешних пользователей, то есть имеют определенный уровень конфиденциальности. Но результаты такого анализа являются открытыми для всех заинтересованных лиц, так как эти показатели сводятся в публичную отчетность. В данном случае речь идет о так называемых конечных финансовых результатах, то есть результатах, подводящих итоги деятельности организации за истекший период и позволяющих дать комплексную оценку ее системообразующих характеристик, имеющих значимость, прежде всего, с позиции долгосрочной перспективы.

В свою очередь, «при проведении внутреннего финансового анализа наряду с данными финансовой (бухгалтерской) отчетности используется также информация, содержащаяся в регистрах бухгалтерского учета предприятия». На наш взгляд оправданной, достаточно логичной и перспективной представляется широкая трактовка финансового анализа. Соответствует данной трактовке определение финансового анализа, которое приводит